

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

5. Козинский, А. А. Использование мультимедиа продуктов в учебном процессе – 1998. – №8. – 56-68 б.
6. Кирмайер, М. Мультимедиа- 1994. – 185 б.
7. Купряшина, Н. Д. Педагогическая поддержка в работе учителя и воспитател- 2005. – 250 б.
8. Баженова, Л. М. Медиаобразование как средство художественного развития младших школьников– 2012.
9. Ушинский, К. Д Педагогика. Избранные работы 2-е изд - 2016.
10. ЩульсИ.В Развитие творческого мышлениядетейстаршего дошкольного возраста посредством созданияанимационных фильмов в совместнойдеятельности -проект, 2019
11. Максимова А.С.Анимационная деятельность: проблемы и преимущества использования как средства развития творческих способностей детей старшего дошкольного возраста-2016.-3 б.

ОӘЖ 178.90

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазы Жадыра

Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану маамандығының магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші– Төлеубекова Р.К.

Білім беру мазмұнын ұлттық негізде жетілдіре отырып, әлемдік жүйеге енуде құзыреттілікке бағдарлану бағытын қарастыру маңызды. Бұл оқушыны жаңа тұжырымдарды түсінуге және қабылдай білуге, бүкіл өмір бойы өзгермелі жағдайларға тез икемделуіне, сындарлы ойлай білуге және ақпараттар ағынын бағдарлай алуға, топтың алдында өз ойын анық, дәл жеткізуге, тыңдаушысын иландыра білуге қабілетті құзырлы тұлға ретінде қалыптастыруды көздейді [1].

Осыған сәйкес, «Интеллектуалды ұлт-2020» бағдарламасында қазіргі заманғы білім беруді дамытудың болашақтағы міндеттерін нақтылай отырып, жас ұрпақты бастапқы интеллектуалды әлеуетпен және терең ақылмен, шексіз қызығушылықпен және өмірлік күш-қуатпен ерекшелену қажеттілігі жөнінде айтылады. Аталған міндеттерді жүзеге асыруда жоғары сыныптарда білім, білік, дағдылар, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыруды және қазіргі мектептегі оқу тәрбие үрдісінің тиімділігін қамтамасыз ету талап етілсе [2], ҚР МЖМББС-да жоғары сыныптарға білім беру және тәрбиелеу үдерістерінде білім алушылардың қоршаған ортаны өз бетінше тануға дайындығын дамыту, әлеуметтік тәжірибенің нақтылығы мен ассимиляциясы, маңыздылығын түсіну, жалпыадамзаттық құндылықтар және негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға ықпал ету деп көрсетілген [1].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысы бойынша «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында білім алуға қолжетімді мүмкіндіктерді нақтылай отырып, жалпы білім беру сапасын арттыру жөнінде бірқатар тапсырмаларды жүктеді [3]. Сапалы білім алған, құзыреттілігі дамыған, танымдылығы жоғары, бәсекелестік қабілеті мықты, кез-келген қиындыққа төтеп бере алатын жастар ғана болашақтың кілтін аша алады. Осы аталған Қазақстандық білім берудің көп сатылы реформасы негізінде туындайтын білім беру үрдісіндегі өзгерістер мен жоғарыда нақтыланған міндеттерді шешудің басты тетігі – жоғары сынып оқушыларын әлеуметтік құзыреттілігін педагогикалық тұрғыда қалыптастыру болып табылады.

Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі – бұл қазіргі таңда қоғам дамуы үшін айтарлықтай маңызы бар, педагогикалық теория мен практикада тұлғаны үйлесімді дамытуда көкейкесті мәселенің бірі болып саналады. Жалпылама тұрғыда, әлеуметтік құзыреттілік – адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін қабілеттері негізінде өзіне, қоршаған ортаға және қызметіне жауапкершілікпен қарауды көздейтін тұлға қасиеттерінің жиынтығы. Осыған байланысты, біз қарастырып отырған мәселенің мақсаты – жалпы білім беретін мектептерде қойылып отырған арнайы талаптарға сәйкес негізгі әлеуметтік құзыреттілікті оқушылардың бойына қалыптастыру болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу кезінде тұлғаның сапалық көрсеткіші ретінде құзыреттілік ұғымының көпқырлылығы осы зерттеу үшін жетекші ғалымдардың әдіснамалық маңызы бар еңбектерінің жан-жақтылығын көрсетті. Құзыреттілік ұғымының мәні мен мазмұнын зерттеумен айналысып жүрген ғылым салалары: әлеуметтану (А.И.Пригожин, И.И.Лапин және т.б.), педагогикалық психология (Ю.Н.Кулюткин, Г.С.Сухобская және т.б.), педагогика (Э.Д.Днепров, Т.Г.Браже, Ю.Г.Татур, Дж.Равен, И.А.Зимняя, А.А.Маркова, О.А.Булаченко, Н.Г.Милованова, М.А.Чошанов және т.б.).

Соның ішінде, өз еңбектерінде құзыреттілік ұғымын кең мағынада қарастырып өткен ресейлік ғалымдар А.В.Хуторской, Л.М.Митина, С.Е.Шишова, И.А.Агапова, И.А.Зимняя, А.Андреева, К.Махмурян, В.Н.Шамов, Н.Кузьмина, А.А.Маркова, Ю.Н.Кулюткин және т.б., отандық ғалымдар М.Ж.Джадрина, Ә.М.Мұханбетжанова, Ш.Х.Құрманалина, С.М.Бахишева, К.С.Құдайбергенова, Б.А.Тұрғынбаева, Ш.Т.Таубаева, М.А.Ғалымжанова, Г.Қ.Айқынбаева, А.С.Иргалиев және т.б. атап өтуімізге болады.

Әлемдік ғылыми тәжірибелерге сүйене отырып, отандық ғалымдар адам өмірінің негізгі салаларымен алғашқы қатынастардың қалыптасу және даму кезеңі ретінде баланы әлеуметтендіру үрдісіне көп көңіл бөлді (Н.Құлжанова, Г.Ж.Меңлібекова, А.С.Амирова, Н.Ж.Баримбеков, Х.Т.Наубекова, Р.Б.Каримова, А.Т.Баймуратова, Ж.К.Аубакирова, А.А.Капенова және т. б.).

В.М.Басова, С.С.Бахтеева, В.Н.Каленина және т.б. ғалымдардың зерттеулері негізінде қазіргі психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде әлеуметтік құзыреттіліктің әртүрлі аспектілеріне қызығушылықтың өсуі байқалады. Сонымен қатар, Н.И.Белоцерковец, О.В.Казанцева мектепке дейінгі жастағы әлеуметтік құзыреттіліктің қалыптасуын, Н.В.Каленина кіші мектеп жасындағы, С.В.Данилов жасөспірімдерде, С.С.Бахтеева тәуекел топтарда, О.В.Казанцева жетім балаларда қарастырды.

Осы еңбектерге жасалған талдау жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары педагогикалық ғылымда арнайы зерттеу нысанына алынбағандығын көрсетеді.

Сондықтан, мектеп оқушыларының әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі – қазіргі қоғамның өркендеу кезіңіндегі әлеуметтік маңызы бар, педагогикалық теория мен педагогикада тұлғаны үйлесімді дамыту қажеттілігі негізінде туындап отыр. Осыған байланысты, жалпы орта білім беретін мектеп бағдарламалары қазіргі кезде белгілі бір дәрежеде халықаралық талаптарға сәйкестендіріп, білім берудің мемлекеттік стандарттары оқытудың жобалау жүйесіне бағытталып жасалынууда.

Әлеуметтік және педагогикалық тәжірибе көрсеткендей жоғары сынып оқушылары көбінесе әлеуметтену процесінде қиындықтарға тап болады, тәуелсіз ересек өмірге кіру кезеңінде сенімсіздік жағдайында болады, бұл дамудың жеткіліксіздігін немесе жалпы білім беретін мектептерде жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекеттің дәйекті жүйесінің жоқтығын көрсетеді.

Біз қарастырып отырған мәселенің негізі мақсаты – мектептегі білім беру үрдісінде бүгінде қойылып отырған талаптарға сай оқушының бойында әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру болып отыр.

Отандық және шетелдік педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдау кезінде анықталған әлеуметтік құзыреттілік ұғымының көпқырлылығы осы зерттеу үшін жетекші ғалымдардың еңбектері әдіснамалық маңызы бар екендігін жан-жақты көрсетті.

Біз «әлеуметтік құзыреттілік» ұғымының мәнін анықтау барысында педагогика саласындағы «құзыреттілік» түсінігіне тоқталып өтуді жөн санадық. Ғылыми педагогикалық әдебиеттерді және ресми құжаттарды талдау негізінде, соңғы онжылдықта «дайындық», «білім беру», «жалпы мәдениет», «тәрбие» ұғымдары арқылы білім беру нәтижелерін бағалауда «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдары қолданылған. Бұл өз кезегінде, қазіргі білім беру жүйесінің ертеңгі күннің қажеттіліктеріне сәйкестігі мәселесіне жауап ретінде туындаған білім берудегі құзыреттілік тәсілінің қалыптасуымен байланысты. Оның дамуын И.А. Зимняя үш кезеңге бөліп көрсетті.

Бірінші кезең (1960-1970 жж.) ғылыми аппаратқа «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының енгізілуімен сипатталады. Ол осы ұғымдарды ажырату туралы ғылыми пікірталастың негізін қалады.

Екінші кезең (1970-1990 жж.) ана тілін оқыту теориясы мен практикасында, сондай-ақ басқару және менеджмент саласында «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын пайдалануымен сипатталады. Шетелдік және отандық зерттеушілер әр түрлі қызмет түрлері үшін осы ұғымдардың бірнеше түрлерін сипаттаған. Психология саласында «әлеуметтік құзыреттілік» феноменін зерттеу басталады.

Үшінші кезеңі (1990-2001 жж.) педагогика ғылымында «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдары белсенді қолданылуымен ерекшеленеді. ЮНЕСКО материалдарында білім берудің жоғары нәтижесі ретінде қарастырылатын құзыреттер шеңбері анықталған (түйінді құзыреттер) [4].

Бір қарағанда «құзырет» және «құзыреттілік» сөздері түбірлес болып келгендіктен бір ұғым болып көрінуі мүмкін, алайда мағынасы жағынан әртүрлі екендігіне педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдау кезінде көз жеткіздік. Оған дәлел ТМД елдері мен отандық әдебиеттерде «құзыреттілік» терминін белгілі бір қызмет түрімен жиі байланыстырады. «Құзыреттілік» белгілі бір саладағы білімдер мен біліктер тұрғысынан түсіндірілесе, «құзырет» ұғымы кез-келген тұлғаның, ұйымның құқықтарын білдіреді [5].

Жалпы, құзыреттілік латын тілінен аударғанда «competens» – білімді, қабілетті, білікті, дағдылы деген мағыналарды білдіреді. Бұл ұғымның негізін қалаушы ежелгі грек ғалымы Аристотель. Алғашқыда грекше «atere» деп аталатын адам күйінің мүмкіндігін зерттей отырып, оған мынадай анықтама ұсынды – «ол дамыған және жетілдірілген күш, ол жеке тұлғаға тән ерекшелік» [4]. Сонымен қатар, «құзыреттілік» ұғымына алғаш анықтама беріп, лингвистикаға енгізген американдық ғалым Н. Хомский болатын. Ол «құзыреттілік дегеніміз – жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік, дағдыларының жиынтығы және адамның жеке өзінің іс-әрекет, қызмет саласына сай құзыреттерді меңгеруі», - деп көрсетеді [6].

Құзыреттілік ұғымының мәні мен мазмұнын зерттеумен айналысып жүрген ғылым салалары: әлеуметтану (А.И.Пригожин, И.И.Лапин және т.б.), педагогикалық психология (Ю.Н.Кулюткин, Г.С.Сухобская және т.б), педагогика (Э.Д.Днепров, Т.Г.Браже, Ю.Г.Татур, Дж.Равен, И.А.Зимняя, А.А.Маркова, О.А.Булаченко, Н.Г.Милованова, М.А.Чошанов және т.б)

Ресейлік ғалымдар А.В.Хуторской, Л.М.Митина, С.Е.Шишов, И.А.Агапов, О.В.Симен-Сиверская, И.А.Зимняя, А.Андреева және т.б., біздің елімізде М.Ж.Джадрина, Г.З.Байжасарова, А.Шолпанқұлова, П.А.Ахметова, Л.С.Шайменова, Ә.М.Мұханбетжанова, Ш.Х.Құрманалина,

С.М.Бахишева, К.С.Құдайбергенова, Г.Ж.Ниязова, А.С.Иргалиев және т.б. еңбектерінде құзыреттіліктің қалыптасуы мен дамуы жан-жақты қарастырылған.

Педагогикалық әдебиеттерде «құзырет», «құзыреттілік» терминдері жиі қолданылады және адам қабілеттерімен анықтала отырып, құндылықтармен байланыстырылады. Бұл ұғымдардың кеңінен қолданылуы білім беру жүйесін дамыту қажеттілігіне байланысты туындап отыр. ҚР МЖМББС-да мынадай анықтама беріледі: құзыреттілік – оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушының білімді, іскерлікті, дағдыны және қызметтің әмбебап тәсілдерін меңгеруі көрінетін білім берудің нәтижесі [1].

Берілген анықтамаларда құзыреттілік тұлғаның кіріктірілген қасиеті, жеке қасиеті, шешім шығару іскерлігі, жеке сапасы, мінездемесі тұрғысынан айқындалған.

Жоғарыда көрсетілген ғалымдардың анықтамаларына сүйене отырып «құзыреттілік» ұғымын былайша сипаттауға болады:

- білім беру үрдісінде оқушының дайындығын, қабілеттілігін көрсету;
- белгілі бір жағдайда қажетті білімге сүйене отырып, таңдау жасау қабілетінде көрінеді;
- білім, оқу және өмірлік тәжірибені, құндылықтар мен бейімділіктерді қолдана отырып, нақты өмірлік жағдайларда туындайтын мәселелер мен типтік міндеттерді шешу қабілетінде көрінеді;
- қоршаған ортаны өзгерту мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік беретін білім, білік, дағдыларды біріктіру нысаны тұрғысынан сипаттайды.

Біздің жұмысымыздың негізгі міндеттерінің бірі әлеуметтік құзыреттілікті, оның қалыптасуы мен даму көрсеткіштерін айқындау болып табылады. Бұл мәселенің күрделілігі және оның практика үшін маңыздылығы осы құбылысты зерттеуге серпін берді.

Әлеуметтік құзыреттілік ол:

- ынтымақтастық, топта жұмыс жасау, коммуникативтік дағдылар;
- өздігінен шешім қабылдай білу, өз қажеттіліктері мен мақсаттарын ұғынуға ұмтыу;
- әлеуметтік тұтастық, қоғамда тұлғалық рөлін анықтай білу қабілеттілігі;
- жеке қасиеттерін дамыту, өзін-өзі реттеу. Бұл құбылысты зерттеудің күрделілігін айқын көрсеткен неміс зерттеушісі Ф.Петерман бірқатар ережелерді алға тартты:
- бүгінгі таңда әлеуметтік құзыреттіліктің жас ерекшеліктері шектелмеген;
- әлеуметтік құзыреттілікті анықтау кезінде адамның тартымдылығы, күтімі, киім, дене шынықтыру сияқты факторлар ескерілмейді;
- әлеуметтік құзыреттілікті диагностикалау өте қиын;
- әлеуметтік өзара іс-қимылдың әлеуметтік құзыреттілікті дамытуға әсерін негіздейтін әзірлемелер жоқ [7].

жүйелі жұмыс жасауға икемді болып табылады. Өзінің және өзгенің эмоцияларын, қалауларын мен сезімдерін қабылдай алатын, сол бойынша іс-әрекет жасайтын және қажет болған жағдайда белгілі бір дәрежеде басқара алатын қабілеттіліктерге ие.

Біздің зерттеуіміздің тақырыбына сәйкес, әлеуметтік құзыреттіліктің жан-жақты сипатын ескере отырып, біз қазіргі жасөспірімдер үшін қажет бірқатар әлеуметтік құзыреттіліктерді бөліп көрсетеміз:

- қоғамдағы әлеуметтік институттардың құрылысы мен қызметі туралы; әлеуметтік құрылымдар туралы; қоғамда болып жатқан әртүрлі әлеуметтік процестер туралы білім;
- қоғамда белгілі бір әлеуметтік мәртебе иелеріне қойылатын рөлдік талаптар мен рөлдік үміттер туралы білім;

- әлеуметтік өмірдің әртүрлі салаларында - ұлттық, саяси, діни, экономикалық, рухани және т.б. жалпыадамзаттық нормалар мен құндылықтарды (әдеттер, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, заңдар, табулар және т. б.) білу;
- адамның өзі туралы білімі мен идеялары, өзін әлеуметтік субъект ретінде қабылдау және т. б.;
- белгілі бір әлеуметтік мәртебеге бағытталған рөлдік мінез-құлық дағдылары;
- тиімді әлеуметтік өзара әрекеттесу біліктері мен дағдылары (ауызша және ауызша емес қарым-қатынас құралдарын, қарым-қатынас процесінде өзара түсіністік тетіктері) меңгеру [8].

Жоғарыда қарастырылған әлеуметтік құзыреттілікке байланысты анықтамалар бізге мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Яғни, жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру – оқушыларды сапалы өмір сүруге дайындайды. Авторлардың осы аталған әлеуметтік құзыреттілік ұғымдарына берген анықтамаларын қолдай отырып, зерттеу пәнімізге қарай: «Әлеуметтік құзыреттілік – бұл адамның негізгі интегративті сипаттамасы, ол басқа адамдармен қарым-қатынасты дамытудағы жетістіктерін көрсетеді, әлеуметтік жағдайды игеруді қамтамасыз етеді және жағдайға байланысты қоғамда қабылданған нормаларға сәйкес мінез-құлқын тиімді құруға мүмкіндік береді», -деп анықтама береміз.

Н.Н.Нагайченко ұсынған құрылым әлеуметтік құзыреттіліктің қалыптасуы байланысты болатын білім беру ортасының деңгейлері оқушылардың әлеуметтік құндылықтар мен мұраттарды игеруі мен қабылдауын, тиімді тұлғааралық өзара іс-қимыл тәжірибесін алуды, әлеуметтік маңызды қасиеттерді қалыптастыруды, өзін-өзі дамытуға деген ынтаны арттыруды, азаматтық ұстаным мен әлеуметтік белсенділікті дамытуды қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік құзыреттілік құрылымын анықтай отырып, біз зерттеуімізде қарастырылған компоненттердің мазмұнын анықтауға бағыттадық. Алайда, осы мәселеге арналған ғылыми зерттеу жұмыстарын талдау көрсеткендей, әлеуметтік құзыреттіліктің мазмұнын анықтауда бірқатар қиындықтар туындайды, өйткені қазіргі уақытта авторлардың көпшілігі «құзыреттілік каталогын» құрумен шектелген [9]. С.А.Учарова әлеуметтік құзыреттіліктің мазмұндық элементтерінің алты нұсқасын өз зерттеу жұмысында талдап, әр түрлі ғалымдардың әлеуметтік құзыреттілік тұжырымдамасы бойынша мазмұндық элементтерін сипаттаған.

Әлеуметтік-жеке құзыреттілік басқа адамдардың жеке ерекшеліктері мен эмоционалдық күйлерін дұрыс бағалай білуді және әртүрлі әлеуметтік жағдайларда барабар мінез-құлықты таңдауды қамтиды, бұл қалыпты дамумен жасөспірімге жаңа достар табу және ескілермен жақсы қарым-қатынасты сақтау арқылы әлеуметтік қолдау аймағын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жасөспірімдік кезең "өзіндік тұжырымдаманы" дамытуда, өзін - өзі танудың, өзін-өзі тәрбиелеудің және жалпы тұлғаның даму процесіне тікелей әсер ететін мінез-құлық пен іс-әрекеттің негізгі реттеушісі ретінде өзін-өзі бағалауды қалыптастыруда өте маңызды.

Өзінің әлеуметтік құзыреттілігін дамыту жасөспірімдер үшін өте қиын міндет болып табылады, өйткені жасөспірімдердің қарым-қатынасқа деген жоғары қажеттілігі қарым-қатынас жасаудың, басқа адамды тыңдаудың, әңгімені жалғастырудың, өз сезімдерін білдірудің, сынға жауап берудің және басқа адамдардың мәлімдемелері мен әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалаудың қарапайым қабілетсіздігіне қайшы келеді.

Әлеуметтік құзыреттілікті дамыту контекстіндегі жасөспірімдік кезеңдегі тағы бір маңызды мәселе–жасөспірімнің өзі туралы бұрын жинақталған идеялардан бас тартуы. Жасөспірімде әлемнің субъективті бейнесін және ондағы өзінің "Менінің" орны туралы идеяны қалыптастыру басқа адамдармен өзара әрекеттесу арқылы жүреді. Осылайша, іс-әрекет, қарым-қатынас барысында ол басқа адамдардың бағалауы мен пікірлері арқылы "жаңа" құндылықтар жүйесін алады. Өзін объективті критерийлер бойынша бағалауға деген ұмтылыс, қоғамның тең құқылы мүшесі ретінде өзіне деген қызығушылық, жасөспірімнің нақты және әлеуметтік

жетістіктеріне негізделген өзін-өзі бағалаудың ішкі критерийлерін құру, әлеуметтік мақұлданған идеалды өзін-өзі құру оның әлеуметтенуіне және әлеуметтік құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді. Нәтижесінде өзін-өзі бағалау және талаптардың деңгейі қалыптасады.

Жасөспірімге тән белгілер нақты әлеуметтік жағдайлармен анықталады, ең алдымен баланың қоғамдағы орнын өзгерту, ересектер әлемімен, олардың құндылықтар әлемімен жаңа қарым-қатынасқа түсу кезінде оның ұстанымын өзгерту, бұл оның санасының жаңа мазмұнын анықтайды. Жасөспірімнің өзін-өзі бақылауға, өзін-өзі бағалауға, өзін-өзі растауға және өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысы оның артықшылықтары мен кемшіліктерін талдаудан және өз іс-әрекеттері мен мақсаттарында ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін, неден аулақ болу керектігін түсінуден туындайды.

Білім беру мекемесі жағдайында жоғары сынып оқушыларын психологиялық сүйемелдеу жасөспірімнің қоршаған орта жағдайларына бейімделуіне және ересектер мен құрдастары үшін әлеуметтік маңызы бар негізгі құзыреттіліктері қалыптасатын жағдайлар жасауды көздейді.

Жасөспірім кезінде өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бағалау қалыптасады. Бұл жастағы баланың қызығушылықтары, мүмкіндіктері мен қабілеттері өте алуан түрлі және мобильді. Олардың нақты мазмұны көбінесе кездейсоқ жағдайлармен байланысты – сән, қоғамдағы бедел, жасөспірім үшін қызықты адаммен кездейсоқ кездесу.

Өзін басқалармен үнемі салыстыру, олардың ерекшеліктері мен қасиеттерін байқап көру, жасөспірім өзінің "менін" жасайды. Жасөспірімдердің өздері уақытша перспективаларын құра бастайды, болашағын жоспарлайды, бірақ көбінесе бұл әрекет жүйелі емес және бейсаналық түрде жүзеге асырылады.

Жасөспірім кезіндегі ең маңызды міндет-өзін-өзі анықтау. Осыған сүйене отырып, білім беру және тәрбие процесі аясында жасөспірімдердің Болашақ өзін – өзі анықтауға байланысты құзыреттіліктерін, атап айтқанда саналы таңдау қабілеті мен осы таңдау үшін жауапкершілікті игеруге бағытталған бірқатар педагогикалық міндеттер жобаланады. Жасөспірімнің ерік-жігерінің дамуы жауапкершіліктің қалыптасуымен тығыз байланысты. Өзін-өзі ұстай білу – ересек, жетілген адамның маңызды қасиеті. Оны жасөспірім өте бағалайды. Алайда, әдеттегі жасөспірім ерік-жігердің әлсіздігімен, ұйымдастырылмауымен, мақсатқа жетуден салыстырмалы түрде жеңіл бас тартуымен сипатталады. Ерік-жігерді дамыту үшін мақсатты күшейту ерекше рөл атқарады. Әлеуметтік құзыретті жасөспірім саналы мақсат қояды меңгереді.

Жасөспірімнің дамуындағы басты кезеңдердің бірі – жасөспірімдердің ересек адамды сипаттайтын дағдылар мен қасиеттерді игеруге деген ұмтылысын анықтайтын және жауапкершілікті қалыптастырудың негізін құрайтын "ересектік" сезімі – әлеуметтік жетілген тұлғаны әлеуметтік жетілмегеннен ажырататын тұлғаның маңызды сипаттамасы. Бұл әлеуметтік құзыреттілікті дамыту үшін негіз болып табылатын жауапкершілік.

Елдегі қазіргі экономикалық және саяси жағдай өскелең ұрпаққа қойылатын талаптарды арттыруда. Бүгінгі таңда қоғамға тек ақылды және ынталы түлектер ғана емес, сонымен бірге болашаққа қосылуға дайын адамдар да қажет. Олардың алдында тұрған кәсіби міндеттерді іс жүзінде шеше алатын және өзгермелі өмірлік жағдайларда тез шарлай алатын өмірлік белсенділік.

Демек, қазіргі мектептің басты міндеттерінің бірі – басқа адамдармен өзара әрекеттесу стратегиясын құруға, дұрыс әлеуметтік бағдарларды таңдауға және өз қызметін осы бағдарларға сәйкес ұйымдастыруға қабілетті, яғни әлеуметтік құзыреттілікке ие табысты адамды дайындау.

Әлеуметтік құзыреттілік оқушылардың осы қызмет түріне терең жеке қызығушылығы жағдайында ғана қалыптасуы мүмкін. Егер мұғалім білім беру нәтижесі ретінде оқушылардың әлеуметтік құзыреттілігіне ие болғысы келсе, оқушыларды мәжбүрлемеуі керек, оларды белгілі бір қызметті орындауға ынталандыруы керек.

Адамның өмірлік жетістігінің кепілі – білім берудің барлық деңгейлеріндегі, оқыту сатыларындағы жетістіктерін көрсететін білім берудің базалық нәтижелері (іс-әрекеттің әмбебап жалпы тәсілдері, құралдары, ойлау формалары, қазіргі әлемде табысты қызметті жүзеге асыру үшін адамға қажетті кооперация және коммуникация нысандары). Бұл құзыреттіліктер бастауыш мектеп жасында құрылуы керек, "табысты ересек адамға" қойылатын талаптарды арттыра отырып, оқудың әр сатысында дамып, өсуі керек.

Мектеп баланың әлеуметтену кеңістігі ретінде әрекет етуі керек, бұл болашақта оның өмірлік жетістіктерінің көрсеткіші болады.

Бүгінгі таңда балалар мен жасөспірімдердің білім беру ортасында құзыреттілігін қалыптастыру тиімділігін бағалау тиісті әдістердің болмауына байланысты қиын. Құзыреттілікті бағалау үшін, әдетте, мұғалімдерді сарапшыларды тартуға немесе оқушылардың іс-әрекетінің нәтижелерін талдауға байланысты тәсілдер ұсынылады. Мұндай әдістер жаппай тексерулер үшін жарамсыз, әртүрлі білім беру жүйелерінде құзыреттілікті дамыту тиімділігін салыстырмалы бағалауға мүмкіндік бермейді.

И.В. Калининаның жасөспірімдердегі әлеуметтік құзыреттілікті бағалауға арналған зерттеу жұмыстарында әлеуметтік құзыреттілік тек тұлғааралық өзара әрекеттесудің тиімділігімен шектелмейді деген көзқарас ұсынылған. Оны бағалау кезінде жас ерекшеліктерін ескеру қажет, мысалы, жастардың өзін-өзі анықтауға дайындығы. Автор негізгі диагностикалық құрал ретінде өмірдің мағыналылығының жалпы көрсеткішін пайдалануды ұсынады, ол алынған мәліметтерге сәйкес әлеуметтік табысқа әсер ететін құндылық бағдарларымен және оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктерімен көптеген байланыстарды ашады [10].

Жұмыстың негізгі нысаны – бұл сабақтардың логикалық және мазмұнды құрылысын, оқытуда проблемалық жағдайларды құруды, сабақтарды өткізу кезінде диалогтық принципті сақтауды және т.б. қоса алғанда, бүкіл оқу процесін ұтымды ұйымдастыру, қосымша – арнайы ұйымдастырылған даму курсы. Баланы білім беру ортасында сүйемелдеудегі негізгі тұлға педагог-психолог болып табылады, ол таңдау жағдайларының субъектісі туралы хабардар болу үшін жағдай жасайды және баламаларға бағдарлайды, балалардың ғана емес, мұғалімдердің де, ата-аналардың да дамуына әсер етеді. Сүйемелдеу – ұл өмірлік таңдау жағдайларын шешуге бағытталған сүйемелдеушінің мен оқушының өзара әрекеті. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мақсаты әлеуметтік құзыреттіліктің дамуын қамтамасыз ететін білім беру ортасының ресурстарын байыту болып табылады.

Құзыреттілік тәсілді қолдану және оқушының құзыретті тұлғасын дамытуға бағытталған білім беру процесінде белсенділік формаларын қолдану мүмкіндік береді:

- жалпы орта білім берудің мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сүйене отырып, мектептегі білім берудің әртүрлі кезеңдерінде әр кезеңде стандартқа сәйкес мақсаттар мен сапа көрсеткіштерін белгілеу,

- нәтижелерге қол жеткізу және іс-әрекеттерді түзету шарттарын қадағалау және реттеу;

- мектептегі білім беру кезеңімен, жеке ерекшеліктерімен, мемлекеттік стандарт талаптарымен айқындалатын оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту процесінің мазмұнын түсіндіру;

- оқу пәндері шеңберінде оқушының құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу;

- құзыреттіліктің қалыптасуы мен дамуын ескере отырып, оқушының білім беру нәтижелерін бағалау әдістері мен мазмұнын әзірлеу.

Білім беру процесі қажеттілікпен тәрбиелік сипаттағы әрекеттерді қамтитыны белгілі.

Әлеуметтік, оның ішінде коммуникативті, адамның құзыреттілігін дамытудағы шешуші фактор әлеуметтік орта болып табылады және оның сипаттамалары осы дамудың шартын белгілейді.

Сонымен, білім беру ортасын зерттеу тәсілдерін талдау тұлғаның дамуы және оның әлеуметтенуі тұрғысынан қоршаған орта пәндік, тұлғааралық және технологиялық, сондай-ақ мүмкіндіктер жиынтығын қоса алғанда, шарттардың жиынтығы ретінде ұсынылатындығын көрсетеді

Біздің көзқарасымыз бойынша, оқушылардың осы санаты үшін ең өзекті қасиеттерді қамтитын тұжырымдаманы әзірлеу мектеп оқушыларының әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың бір әдісі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
2. «Интеллектуалды ұлт-2020» мемлекеттік бағдарламасы 2010 жыл 1 ақпанында қабылданған.
3. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33608664&pos=26;-55#pos=26;-55
4. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования [Текст] / И.А. Зимняя // Высшее образование сегодня. – 2003. – № 5. – С. 34–42.
5. Нестеров В.В., Белкин А.С. Педагогическая компетентность. - Екатеринбург: Центр «Учебная книга», 2003. - 188 с.
6. Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса [Текст] / Ноам Хомский; под общ. ред. В.А. Звегинцева; Серия переводов. – Вып. I. – М., 1972. – 233 с.
7. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностноориентированной парадигмы образования // Народное образование. - 2003. - №2. - С. 58-64.
8. Кричевский В. Ю. Контроль в управлении школой: мифы и реальность // Народное образование. - М., 2001. - №6. - С. 30-33.
9. Кричевский В.Ю. О некоторых направлениях развития теории управления школой // Управление в образовании: Материалы международного семинара. - СПб.: Образование, 1996. - С. 6-8. 141
10. Онищенко Н.Э. Педагогические условия повышения профессиональной компетентности педагогов профильных гуманитарных классов // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. Аспирантские тетради: Научный журнал. - СПб., 2007. - №16 (40). - С. 477-180.

ОӘЖ 178.91

БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ –ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қалабаева А.А.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті¹, Алматы, Қазақстан

Қазіргі психологияда балалардың іс-әрекеті баланың сыртқы әлеммен белсенді өзара әрекеттестігі болып табылады. Өзара әрекеттестікті жүзеге асыру барысында оны әртүрлі, соның ішінде әлеуметтік модельденген жағдайларға бейімдеу арқылы оның байытылуы және оның құрылымының түбегейлі жаңа компоненттерінің пайда болуы жүреді (Л.Ф.Обухова, Е.О.Смирнова, Т.Д.Марцинковская, В.С.Мухина). Өзара әрекеттестік, қарым-қатынас, ынтымақтастық іс-әрекеттерін бір-біріне синоним ретінде қарастыруға болады.